

Бақберген Арысланбаев



ӨЛЕҢДЕР

Астана – 2017

ӘОЖ
КБЖ
Т

Арсыланбаев Б.

Т Өткен күндер./ Астана: «ЖАСЫН» шығармашылық орталығы, 2017 – 110 б.

ISBN

Жас ақынның бұл жинағына әр жылдары жазылған өлеңдері енгізіліп отыр. Поэзия адамның көңілінің көшірмесін қағазға түсірген көшірмесі сияқты. Оқып, өзіңіз де автормен бірге әртүрлі күйді басыңыздан кешеріңіз анық.

Кітап жалпы оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ
КБЖ

ISBN

БІР ҚЫЗ БАР..

Бір қыз бар ибалы, инабатты,
Бойына теріс қылық жинамапты.
Жігіттердің сезімін ойын етіп,
Еп көрмеген бос үміт сыйламақты.

Сол қызды жеңгелері «Мөлдір» дейді,
«Мөлдір» дейді, расында мөлдірейді.
Жанымнан өткенде қысыламын,
Жүрегім атып шығып көк тірейді.

Сол қыздың шиедей еріндері,
Жүрісін-ай, жүрісі – керім бе еді?
Орманы жоқ, тауы жоқ, қазынасы –
Шопантоптың жұмырдай жеріндегі.

© Арсыланбаев Б.

УАҚЫТ

Таң атып, нұры түсті арайдың,
Ойға шұңғып көк аспанға қараймын.
Шыдаймын деп уақыттың сынағына,
Мен кейде бұлт секілді тараймын.

Білмеймін, нені күтіп жүргенімді,
Артқа тастап келемін көргенімді.
Келешекті көрсетер уақыт қана,
Ал бүгін үмітсіздік төрге мінді.

Күткенде тұңғыықтай уақыт түпсіз,
Уақыт деген адамды байлайды жіпсіз.
Біреулер жолын табар өз уақытымен,
Даңғыл жолда адасқан біреулер епсіз.

Біреулерге жетпейді уақыт шіркін,
Бақандай бір жылы болғандай бір күн.
Екі қолын бос қойып өткендер бар,
Ел билеп кеткендер бар, қимай жұртын.

Шамаң бар ма уақытты ұстап тұрар,
Уақыт бұл – достарды да қастастырар.

Үш ұйықтап та түсіңе бір кірмеген,
Болмағанды болғанға ұштастырар.

Тарихқа жазамыз уақыт ғасырын,
Ал, ертеңіміз белгісіз, бізге жасырын.
Бұл дүниеге тірек болу мүмкін емес,
Төреші уақыт өткізеді тәсірін.

КӨК БАЛҚАШ

Арнасы тіреу болған жар тасқа,
Қорқынышпен көз тастайсың Балқашқа.
Жүгіріп келер көріскенде толқыны,
Амалың құрып ала алмайсың жамбасқа.

Шексіздік анау, бұрын көзім шалмас-ты,
Тудым ба қайта, күнім ба мынау алғашқы?
Көл болғасын аспанмен құшақтасқан,
Теңіз бе деп ойлай бердім Балқашты.

Көз алдымда көк Балқашпен жалғасқан,
Қиыры қайсы, қайда еді әлгі аспан.
Ортасында қалықтаған мамық бұлт,
«Міне көк» - деп биігірек жармасқан.

Шағалалар көлдің бетін шарпыған,
Өмірдің мынау келіп шығар шартынан.
Балқашты ғашығындай айналсоқтап,
Бір көрініс қалдырады шарқ ұрған.

Кешке қарай баяулап барып жәй ғана,
Мүлгіп тұрар тым-тырыс боп айнала.
Көк Балқаш реңінен айырылар,
Ару Ай келіп қарағанда айнаға.

ДҮЙСЕНГЕ

Бір мұрағат көрем сенің басыңнан,
Келгенсің бе он бесінші ғасырдан?
Дүйсен-ау, тілің неткен ойнақы,
Не есітіп өскен едің жасыңнан?

Қазағынан туып өсіп Мойынқұмның,
Жүрген жерде жарасымды ойын құрдың.
Көре қалсаң өзіңнен мүшкіл жанды,
Өзің емес, өзгенің жайын қылдың.

Көкірегінде ашық әрі қоңыр үн,
Шырқайсың кеп әннің дағы тәуірін.
Сен жүрген жер айхай менен әзіл ғой,
Қыстың күні шуақ шашқан сәуірім!

Әзіл-қалжың саған тән арамызда,
Үлкенсің бе, жоқ әлде жорамыз ба..?
Зияны жоқ, жаны сірі қазағым-ай,
Сыйластықпен болашаққа барамыз да..!

ДОСТЫҚ ДЕГЕН

Қаласаң менімен достасуды,
Білгейсің ымырамен ұштасуды.
Достық деген тобыр боп жүру емес,
Керек етпен біреулермен ұстасуды.

Достық деген күн бірге болу емес,
Түн кезіп көшелерді шолу емес.
Біреуді ұру үшін сылтау іздеп,
Өздігінен түртініп, шалу емес.

Қосылып ап біреуді ұрса кей мүсін,
Бірін-бірі ұрмайды ғой деймісің..?
Достық тек жақтасудан тұрмайды,
Адалдықтан іздегейсің белгісін.

Доспын деп күнде іздеу шарт емес,
Күнде іздеп келсе болды мәрт емес.
Отаным деген, үйім деген әрбір жас,
Жиналысып отыратын қарт емес.

Достық деген қиын сәтте жанда болу,
Достыққа жатпайды таңдап алу.
Білегі мен киіміне қарап таңдау -
Өзіңнің жайынды қамдап алу.

ОЙЛАНАМЫН

Ойланамын кей кезде, толғанамын,
Неден көрем жолымның болмағанын?
Кешіктім бе білмеймін, кешіп мүлде,
Бір хат болды сондағысы жолдағаным.

Тосыннан кеп,
Кездесуге шақырғамда,
Үлгімедім,
Жүрмеген ем жақын маңда.
Найзағай болдың сосын, ұстатпайтын,
Әлі де жалт бұрылам, жарқыл барда.

Көш жалғасты,
Көштің сосын ауылдан,
Езілдім кеп,
Парқым қалмай жауырдан.
Ащы айырылу емделер уақыт өтіп,
Тәтті сезімнен жүрегім сонда ауырған.

Ауылың болды сонда бөтен маған,
Бір сенің мысалың боп өтер жалған.
О баста кешіктім бе, үміт үзіп,
Мен енді шын ғашықпын жете алмаған.

БІР УЫС ҚАР

Маған таныс ұзын көше, ұзын көше,
Ұзындығы ұзарғандай екі есе.
Ақ түске еніпті сұрғылт асфальт,
Көзге түспей жататын күні кеше.

Қолымнан шештім де қолғабымды,
Еске алдым тағы да сол бағымды.
Жап-жалаңаш қолымда бір уыс қар,
Дәлелдемек болдым ба солғанымды..?

Жаурап кетті қолдарым, жаурап кетті,
Жүректен де жылылық аулақ кетті.
Жаным менің бар екен кеудемде әлі,
Жаурағаннан қолдарым лаулап кетті.

Ойлап тұрсам сүйіктім де осындай,
Жақындамай, кеткен едік қосылмай.
Ұлпа қардай қызығумен қарадым,
Ұстай алмай, мауқым қалды басылмай.

Сүйіктімдей қарды да ұстайалман,
Қайтейін сезімімді қыста оянған.
Лаулап тұрған алауға су сепсең де,
Аспан екеш аспан да ыс таянған.

ЖАНАРТАУДАЙ АТҚЫЛАЙМЫН

Толғанымда іштен тынып,
Шыдамасам сабыр қылып,
Көрсетемін тылсым қылық,
Жанартаудай атқылаймын.

Ынсап та бар, иман барда,
Налымаймын қиналғанда,
Жылдаған мұң жиналғанда,
Жанартаудай атқылаймын.

Ішке алып мәселемді,
Басып алам әуселемді,
Айтып барып сау-сәлемді,
Жанартаудай атқылаймын.

Мың ойланып, аттап барып,
Жақсылықты сақтап барып,
Әділдікті жақтап барып,
Жанартаудай атқылаймын.

КЕТКЕНІҢДІ ЕСТІСЕМ

Кеткеніңді естісем бір күн келіп,
Жіберермін сағынышты мұңға теліп.
Осылай болғанын көргенімше,
Өтер едім өмірден желдей желіп.

Уақыт өтер аялдамай әлсін-әлсін,
Болар іс қалайша болмай қалсын..?
Қыз мақсаты кету, бойжеткесін,
Кете қалсаң не дейін, бағың жансын.

Болмасам да естен танар өлермен,
Боламын ғой жай түскендей төбемнен.
Сен деп ойлап ағаштарға тіл қатып,
Сен деп ойлап самал желді өбем мен.

Қайтейін, арамыз алыс, шалғай жер,
«Бес қаруын» түгендемей бармайды ер.
Бағың жанса, мен үшін алаңдама,
Өміріңді басқа жанмен жалғай бер.

Сеземін, жек көрмейсің мені сен де,
Жүрегіңе жақынмын, не десең де.
Ащы сөзбен суытам деп ойлама,
Сүйіп өтем, тағдырымды жеңбесем де.

ТУҒАН ЖЕРГЕ КЕЛГЕНДЕ

Мені көріп жыладың сен неліктен,
Нені қарық қылар едім келіп мен?
Жыламашы туған жер ұлың үшін,
Сені тастап ұзақтарға желіккен.

Сені көріп мен дағы түңілемін,
Неге мұнша тұнжыраған төңірегін?
Жыламашы туған жер маған бола,
(Өзім барда елемейтін өңір едің).

Бір ашылмай қойды ғой көк аспаның,
Осы ма енді менімен сұрасқаның..?
Теріс қарап жатып алған сияқтанып,
Құшағыңды сен маған жылы ашпадың.

Толастайтын түрі жоқ жаңбырыңның,
Бір келгенде көрмедім таң нұрыңды.
Шекараны қате сызған сонау тарих
(Жаңбырыңдай ұсатты тағдырымды).

МАХАББАТ МҰҢЫ

Сезім атты сар далада сабылдым,
Жете алмай, жарты жолда қағындым.
Күндер өтті аялдамай, бейнең қалды,
Тұмар болып жүрегіме тағылды.

Мұң кезеніп төсіме зеңбірегін,
Жыртылған жалаудай желбіредім.
«Өзгемен кететінің өтірік» – деп,
Өз-өзімді қалайша сендіремін..?

Тағдырым болды неге мұнша сараң,
Әр күйге өз-өзімді аяусыз салам!
Өзіңді бақытты ету бұйырмады,
Қайтейін, сол бақытты тіледім саған.

Лайық болсам бұйыратын емес пе еді,
Бұйырмады, жанды өртеп елестеді.
Ешкімнің ала жібін аттамай-ақ,
Арманым талай мәрте жер иіскеді.

ЗАМАН

Ептілер екі асап «семірген» заман,
Аласұрған ақиқат жеңілген заман.
Қазықсыздар ойына келгенін істеп,
Жазықсыздың жасы төгілген заман.

Дәулеттінің бағы бір жанған заман,
Аузынан ақ майы тамған заман.
Саңылау тапса елінің сандығынан,
Сикыршыдай жең ұшына салған заман.

Тектіні тентек басқарған заман,
Тазаның тұнығы ласталған заман.
Өркөкірек өзімшілдің шынтағында,
Адалдың арманы жасталған заман.

Көрер көзге бұл бір жалған заман,
(Қыран құсты ку түлкі алған заман).
Еркектер қазанның астын жағып,
Әйелдер белсеніп бір қалған заман.

Түсініксіз достықтар қаптаған заман,
Қазақтың жүрегі тоқтаған заман.
Жеңгенің орнын жезөкше алып,
Қайынінің орнын қаймана алған.

Ерлілердің күні жесірден жаман,
Есі кеткен еркек есірген заман.

Ал, байлыққа масайған нашар әйел
Міндетін ұмытып, көсілген заман.

Қазақылық қасиетті тепкен заман,
Қызбалалар бетімен кеткен заман.
Қонақүйді жағалап, түн қыдырып,
Пәк намысын аяқ асты еткен заман.

Сезімсізге сай-сала толған заман,
Ер жігіттер опасыз болған заман.
Аяр сөзге алдынып талай қызың,
Бір үзілген гүлдейін солған заман.

Ел сосын өз-өзінен жиренген заман,
Көлді қойып, шөлден үйренген заман.
Санасы тарылып бүгінменен,
Далалық танымы күйрелген заман.

ПЕНДЕМІЗ-АУ

Өмірге қызылшақа ет боп келген,
Пендеміз-ау, пендеміз, қам сүт емген.
Біз негізі жараламыз періште боп,
Әр қылықты үйренеміз дүйім елден.

Адамзат тумас сірә жаман болып,
Жамандықты үйренеміз елден көріп.
Ел-жұрттың әрбірі жаман емес,
Жақсылардан үйренсек өмір сүріп.

Құдайға сыйынамыз қиналғанда,
Құдай жат ұрлықпен мал жиғандарға.
Қам ет жеген айуаннан парқың қайсы,
Құдай емес, тоқ қарынға иланғанда?

АЙТАЙЫН

Айтайын, қызық болса кімдігім,
Осы күнге бар екенім білді кім..?
Мен қазақпын - ғасырлардың куәсі,
Еуразияның мекендеген кіндігін.

Айтайын, қайда - десе - тұрағың,
Жер бетінің жұмағында тұрамын.
Отаным қасиетті Қазақстан -
Ғұндар өткен ұланғайыр Тұраным.

Көрсін деп алысқа барып келгем,
Мөрімді тұяқпенен салып келгем.
Аттиламын, түрі таңсық азиатпын,
Қараңғы құрлығыңа жарық берген.

Шыңғысханмын, атақты көшпендімін,
Көрмей тұрып айбарымнан сескенді кім..?
Жүгін түйіп, жолын сілтеп жіберген,
Мәдениетін тықпалаған өшпендінің.

Алтын Орда секілді елім болды,
Қос құрлықты қамтыған жерім болды.

Міне сондай тарихым болғандықтан,
Келер күнге айнымас сенім қонды.

Азаттыққа үйренгенмін, қанымда бар,
Азат күнім туды бүгін, таңым атар.
Тәуелсізбін, шаршап келдім дәуірден,
Тәуелсіздік бүгін бір сәт дамылдатар.

Демеймін бағым зор, сорым қатты,
Тұлпарымды қамшылап арындаттым.
Аман жеттім сан түрлі зобалаңнан,
Енді өзіме керектің бәрін таптым.

Туым бар, аспан түстес, желбіреген,
Ту астында толқындаған елді көрем.
Қазақтың қолында туы болса,
Жолынан жауы қашып, тентіреген.

Еркін болсам бақытым сол ең үлкен,
Еркіндікке жол ашады кең өлкем.
Қазақтың кемшілігі өз ішінде,
Ал өзгелер қайтсе дағы менен кем.

* * *

Жаяу тартып кетсем бе екен Астанаға,
Көшпенділер салған ба тастан қала..?
Қай құйынның өтіне шықсам екен,
Ұшырып бір апаратын бас қалаға.

Елордамды көргім келер көзімменен,
Бір сезім алып қайтам өзімменен.
Отанды шын жүректен сүю үшін,
Адамға керек екен сезім деген.

Бір күні мен де барам астанама,
Онда мұқтаж болмаспын баспанаға.
Астанамды бір көрсем сол да жетер,
Әп-әдемі көрінетін тұстан ғана.

* * *

Жыртуға асығамын, жазамын да,
Кімге керек күйкі бастың мәселесі..?
Мәйек болар не қалды назарымда,
Кімге аян жалғанның рас емесі..?

Болмаса «сұлу» жырман әрлегенім,
Үйіліп, көріксіз мұңым айға жеткен.
Көзіме көрінбей ме әлде менің,
Табиғаттың сұлулығы қайда кеткен?

Қайда сол қырдағы қызғалтақтар,
Қайда сол даланың жаңғырығы?
Түнді түріп, ұйқымды бұзған шақтар,
Қайда сол туған жердің таңғы нұры?

Күн сүйген ағын судың жылтырына
Қайда қалды көзімнің қуанғаны?
Құлақтың құрышы қанбай сылдырына,
Қай заман сезімталдық суалғаны.

МАХАББАТТАҒЫ ТӨРТ ТҮРЛІ ЖІГІТ

Бір жігіттер сүйгендіктен алдайды,
Алдаса да тастап кетіп қалмайды.
Алдауына көнбесе егер қызбала,
Сүйгенінің аяғынан шалмайды.

Бір жігіттер ермек үшін алдайды,
Өтірікті жаудырудан талмайды.
Алдауына көнбесе егер қызбала,
Залалын тигізбестен қалмайды.

Бір жігіттер еш қызды алдамайды,
Сондықтан ешкім оны таңдамайды.
Өмір ащы,
Ащы шындық кімге керек..?
Қызға керек өмірдің бал-қаймағы.

Және бірі еш қызды алдамайды,
Сонда да көп қыз одан құр қалмайды.
Себебі ол дәулетті отбасыдан,
Қыздар оған лебізімен жорғалайды.

НЕТКЕН РАҚАТ

Неткен рақат жұмыстан соң демалған,
Рақат деп жар салмаймын мен алдан.
Бұл рақатты үнсіз ғана сезінем,
Бүгін мен жұмыс істеп қиналғам.

Небір ауыр темірлерді еңсеріп,
Әуірімдеп жүктейміз кеп теңселіп.
Маған серік сол жердегі достарым,
Сол жердегі достарыма мен серік.

Бір сәтке түнеріп қабағымыз,
Келмей қалар темірге қарағымыз.
Бірақ біз неліктен қаймығамыз,
Бар болса қол дейтін жарағымыз.

Әзіл-қалжың қалар емес сонда да,
Ыстық күнді салқын тартқыз, тонда да.
Көңіліңді баспасын ауыр темір,
Көңіл-күйді әзілменен онда да.

Ыстық күнде төбемізден күн қайнап,
Шаң болып жүзімізде тұр қаймақ.
Бір досым сілелеп шаршаса да,
Тоңқылдап ап, әзілменен жүр жайнап.

КҮЗГІ ЖАҢБЫР

Күзгі жаңбыр, жабырқаттың жанымды,
Бұлтыңмен түнерттің ғой таңымды.
Күзгі жаңбыр, жылаттың ғой жүректі,
Жылатпаған, саған берем барымды.

Мейлі ал жүрегімді, керек болса,
Одан маған пайда жоқ, жаным тоңса.
Мейлі ал сезімімді, керек емес,
Бермес едім шіркінге ләззат қонса.

Ала ғой махаббатты, жолы болмас,
Мына қасқа махаббаттан сірә оңбас.
Күзгі жаңбыр, жауратпағын жанымды,
Онсыз да үміт оты енді жанбас.

КҮНШЫҒЫС

Дәстүріңмен қазақсың,
Онсыз ешкім емессің.
Келбетіңмен ғажапсың,
Тек сонымен дербессің.

Ана тілмен алашсың,
Онсыз қайда бармақсың?
Онсыз мәңгі олақсың,
Қай асуды алмақсың?

Жеріңмен ғана бір елсің,
Жеріңе әуес әркім-ақ.
Ұмытпа, қазақ, ірі елсің,
Мінбесең де арғымақ.

Оқу оқы, ал білім,
Заманыңнан қалыспа.
Білемін деп шет тілін,
Ағып кетпе алысқа.

Таза ұрпақ жалғайтын,
Қыздардың шетел кетпесін.
Отанын сүйіп, қорғайтын,
Ұлдарың намыс ерттесін.

Сен қазақсың, қазақсың,
Күншығыстық қысық көз.
Бөрідей сұсты; ғажапсың,
Орақ тілді өткір сөз.

Күншығыстық еңбекқор,
Қиындыққа төзінген.
Әр уақыт та сергек бол,
Қысық кара көзіңмен.

Тамырыңда ағып тұр,
Ұлы ғұнның қаны осы.
Бір өзіңе бағып тұр,
Ұлы Тұран даласы.

Қасиетіңнен айналдым,
Күншығысым өзіңнің.
Несін сүйім қай маңның
Қарасындай көзіңнің?

ҚАЙДАН КӨБЕЙСІН

Қазақтар қайдан көбейсін..?
Жаныңды тасқа егейсің,
Дәрігерге барғанда
Жаныңмен ақы төлейсің.

Қазақтар қайдан көбейсін..?
Кей жігіттің төресін
Үй болуға шамасыз
Жоқшылықта көресін.

Айтар болсам көпке сын!
Қыздарың әркім өпкесін,
Ақшаға құл көп қызың,
Сонан соң қалай көктесін..?

Кімге айтар өпкесін,
Жетімің шетел өткесін?
Қазақты қазақ асырмай,
Өзгенің жасын сүрткесін.

Қазақтар қайдан көбейсін..?
Өзіңе-өзің өгейсің,

Жер мен руға бөлініп,
Ру атынан сөйлейсің.

Саған бұрған кемесін,
Досыңды дұшпан көресің.
Жоғалмаған қандасты,
Оралман деп бөлесің.

Кұлыптап алып бөлмесін,
Басшылар бөлек жүргесін.
Халықтың жырып нәсібін,
Қалтаға басып «өлгесін»
Қазақтар қайдан көбейсін..?

АҢСАУ

Аңсасам сені қайтейін?
Аянышты жай-күйім.
Бір орынға сыймаймын,
Алып ұшар қай құйын..?

Әркез жүрем уайымдап,
Ойымда жүрсің, ойымда.
Бейберекет іздеймін,
Бір күйік бар бойымда.

Елеңдеп киікше тұрамын,
Сезімнің таппай бұлағын.
Сезімнің таппай бұлағын,
Ішім күйіп жыладым.

Арманда жүрсің, арманда,
Елесің жүрер әр маңда.
Елесің жүрер әр маңда,
Таппай қалам барғамда.

ӨТІНІШ

Өтінем,
Қорқпайсың ба махаббаттың өртінен?
Бір кездері мен де сүйдім біреуді,
Сол майданға кіргеніме өкінем.

Алтыным,
Маған бола желпінбесін алқымың.
Жүрегіңді жаралайсың бекерге,
Сезімімнің сезінесің салқынын.

Сүймеші,
Өтінемін, маған бола күймеші.
Жүрегіңде қалмасын лүпілдеген,
Сор маңдай Бақбергеннің бейнесі.

Аруым,
Жүрегіңді өлтірмесін бар уым.
Өлтірмесін нәп-нәзік сезіміңді,
Қаламаймын сені азап қаруын.

Сұлуым,
Қаламаймын кеуіліңнің сынуын.
Өзіме бағытталған арманыңның,
Қаламаймын қайғыменен тынуын.

КӨКШЕНІҢ КӨГЕРШІНІ

Көкшенің көгершіні - эппақ құсым,
Тұла бойы толықсып жатқан мүсін.
Қолыма мәңгі-бақи ілінбейтін,
Нұрданбысың сен сұлу, оттанбысың.

Көкшенің көгершіні - арман құсым,
Арманым боп әлдекімді таңдармысың.
Арманым, сұлулықтың барлық түрін
Бойыңа жиып-теріп алғанбысың..?

Көкшенің көгершіні - аяулы әнім,
Жүзіңе қарап сірә тоя алмадым.
Өзіңнен өзімді тыйсам дағы,
Саған деген сезімді жоя алмадым.

Көкшенің көгершіні - қарындасым,
Сен менің намысым, арымдасың.
Көктем келер айналып, әлі талай,
Сонда да сен келмейсің қарлығашым.

ӘЗІРГЕ БАР

Әзірге бар, бізде қымбат қазыналар,
Мұрасын алам десең қасына бар.
Қарттар тірі тұрғанда қадірін біл,
Уақыт ұрлап оларды, азы қалар.

Бүгінгі жас буында базына бар,
Өз тілінде сөйлемеудің лажын табар.
Қарттар қанша қазына болса дағы,
Көмгеннен соң жөнің жоқ қазып алар.

Кім бар екен қарт тілінен азық алар,
Тыңдап кеп, тым құрыса жазып алар..?
Өз тілінен биік қойып өзге тілді,
Еркеленіп қояр емес назы барлар.

ЖАМАН БОЛСАМ

Жаман болсам неге өлең жазамын,
Жаман болсам ауырын бер жазаның.
(Бір үзім нан таппай отырсам да)
Көз жастарға толы емес қазаным.

Тәнім үшін өмірдің кезіп базарын,
Жаным үшін ожданның тартам азабын.
Құмарлық деген бәле барда өмірде,
Құмартып тұрып ойланамын, азамын.

Көремін кейде бұл өмірдің тозағын,
Қызығып тұрып көңілімді бұзамын.
Ойлансам кеп сайтанның ұсынғанын,
Күмбезді мешіт, құлаққа кірмес азаның.

Өстіп жүріп өмірден бір күн озамын,
Бұл жалғанда неген түсті назарым..?
Ақ жолдан тайынбаспын алайда,
Балам деп қарап тұрса қазағым.

Көрейін мейлі жамандардың тұзағын,
Жамандыққа қол ұрмасам ырзамын.
Сайтанның арбауына ұрынбасам,
Мен әлі бүлінбегем, тазамын.

* * *

Ашылмаған сараймын,
Нұр сеппеген араймын.
Жақсы да емен, жаман да,
Өзімді неген балаймын.

Іш-сыртына сарайдың,
Ойланумен қараймын.
Бұл сарайды қапсырмай,
Қонақжайын қалаймын.

Нұр сеппеген арайдың,
Нұр себуін қалаймын.
Қамтамасыз етсе екен,
Жан жылуын талайдың.

Кімдерге-дүр бар айыбым,
Неге басар бұлай мұң?
Мұң емес, шаттық сыйласам,
Халқыма сонда жараймын.

КІМІМ БАР

Асқар таусыз ақ қармын,
Жағымсыз жалын жаққан мұң.
Ерігелі жатқанмын,
Өмірдің құрап батпағын.
Арқа сүйер кімім бар?

Нәпсімен жалғыз алысқам,
Сөйтем деп жағым қарысқан.
Жамандықпен жарысқан,
Өзіммен бірге ағысқан,
Мұңдасатын кімім бар?

Жүрегім толып қайғыға,
Аңсағанмын айды да.
Сезім билеп бойды да,
Ләззатқа сірә тойды ма?
Сырласатын кімім бар?

ҮЙІМ

Үйім - далам,
Далада жер басып жүремін мен,
Көрмегенім көп болса да көрерімнен.
Қазақтың әр тасын сүйіп өтем,
Ала алсаң суырып ал жүрегімен.

Үйім - елім,
Елім барда далада қалмаспын мен,
Қасиетінен айналдым қанға сіңген.
Өзімді өсірген қасиетті елдің,
Мен үшін де құндылығы болмас бөтен.

Үйім - халқым,
Халқыммен тым жақсы күн кешемін,
Күн кешемін, халқыммен үндесемін.
Осылардың арқасы ақ пейілім,
Әйтпесе дәл бұлай жүрмес едім.

МАХАББАТЫМ ЖОҒАЛДЫ

Кірмей кеттің түсіме,
Аман-есен жүрсің бе?
Түсесің кейде есіме,
Жүрегім салса дүрсілге.

Махаббатым жоғалды,
Жоғалды айтар бір сөзім.
Желге ұшты, тоналды,
Болған еді шын сезім.

Менде болды арман да,
Болмады бірақ талпыныс.
Бес күндік мынау жалғанда,
Болмады менен жарқын іс.

Менде болды ақ ниет,
Менде болды махаббат.
Болмады бірақ қарекет,
Жүрекке түсті жарақат.

Махаббатым жоғалды,
Білмеймін, қалды қай жерде.

Сезімім күйін доғарды,
Кеудем толды мұң, шерге.

Кімді сүйдім, білмеймін,
Көрінгенге қараймын.
Жүрекке батар білдей мұң,
Таңым боп кел арайлым.

ЖАҚЫНДАРЫМА

Білемін, мен бәріңе маңызды емен,
Бәрің де артықсыңдар жалғыз менен.
Сол баяғы тұнып тұрған көк теңізбін,
Шайқалсам да бір сәт қан қызумен.

Шыдамдымын, білесіңдер, төзімдімін,
Шыдай-шыдай өтпей қалды сөзім бүгін.
Қауқарсыз балапандай аңдап тұрам,
Дәл қазір шоқиды деп көзімді кім.

Қызыл іздеп шыға алмадым ұямнан,
Қызыл көзім көз жасыма боялған.
Ақиықпын қанат жайып көрмеген,
Біртүрлі мынау заман үшін ұялған.

Өліп кетсем адыра қалар бәрі де,
Арманым да, тілегім де, сәнім де.
Тар жерде мәдениетті болам деп,
Зәһар қосып ішіп жүрмін дәріге.

Ештеңе керек емес, жоламаңдар,
Енді менің ішімде зобалаң бар.
Көп адамға жалғыз өзім мәлім емен,
Ал маған белгілі көп адамдар.

МЕН СОНДАЙМЫН

Мен жуаспын,
Боқтансаң да үндемеймін,
Берсем деп тұрамын кімге мейірім.
Өзге бір әлемнен келгендеймін.

Мен жуаспын,
Сүйгеніме жете алмадым,
Жүрекке ауыр тиді шет қалғаным,
Обал болды қайғыны бетке алғаным.

Мен жуаспын,
Мұңаямын ақ көңілмен,
Болса да құба жүзім тоқ көрінген.
Несіне түңілемін жоқ өмірден..?

Мен жуаспын,
Өмірдің суығына тоңдағанмын,
Сондықтан кей-кейде оңбағанмын.
Сен менен жақсылық күтпегейсің,
Мен әлі қатігез болмағанмын.

СЕНІҢ...

Сенің күлкің күн нұрындай шуақты,
Сенің сөзің бал-дәрумен сияқты.
Сенің көзің құралайдың көзіндей,
Сенің шашың толып аққан өзендей.

Сенің жүзің сұлулықтың әлемі,
Сенің жүрген жүрісің де әдемі.
Сенің қыңыр мінезің де қонымды,
(Теріс киіп отырсаң да тоныңды)

Сен болмасаң бұл өмір, өмір ме..?
Барлығы да зерігерлі көңілге.
Сүймесең, сүймей-ақ қой, өз еркің,
Сенікі жөн, сондықтан да төзермін.

ӨЛІАРА

Мен неге қорлануға міндеттімін?
Кім менің күйімді білмек бүгін..?
Күнім үшін шаңға батып шаршамасам,
Мен пақырды жазғырып, тілдепті кім..?

Неген керек осыншама азап өмір?
Жарқ етпесе үміт оты азғана бір,
Жағынып, жылы орынға кірген де бір,
Белден қалып, қара жерді қазған да бір.

Аузын ашып шырылдаса балараным,
Жем іздеп ұшар едім далаға мың.
Мен ондайды көрмедім, сондықтан да
Отағасы болуды қаламадым.

Кім қиналды мен үшін, иланамын?
Немесе кім үшін қиналамын?
Тартып сірә ала алмаспын, ала алмаспын,
Тағдырдың маған еш қимағанын.

Алайда тырбандауға міндеттімін,
Бұл өмір берді дейсің кімге тыным..?
Менің мына ғарыштық жай-күйіме
Жерде жүріп түсінбесең күлме күнім.

АНАМА

Анашым, жаралған қалпың нұрдан,
Мені әркез тіршілікке талпындырған.
Жер басып жүргенімде адам болып,
Ана сенің жолыңда жаным құрбан.

Анашым, ақтармын әлі-ақ ақ сүтіңді,
Жақсы күнмен өтеймін жақсы күнді.
Кей-кейде таппадым түсінер жан,
Сенен басқа есігім қапсырылды.

Осы күнге жеткенім сенің арқаң,
Құшағың кең, Анашым, көңілің дархан.
Қоримын деп қанатың қажыды-ау,
Бүгін тек жанға жылы сөзің қалған.

Мен үшін жастығыңды аямадың,
Жүкпен қоса көтеріп кеп аяладың.
Өмірдің талай аптап ыстығында
Қанатыңның астын мен саяладым.

Сен болмасаң мұң шағам қайда барып,
Шын доссың, білемін, айдан анық.
Бүгін сенің бойыңнан қылаң берер,
Маған келген қиындықты жинап алып.

МЕН ДЕ СҮЙДІМ

Мен де сүйдім,
Сүймесіме бола ма..?
Бірақ енді сезім гүлі сол ма?
Бір келген жастығымды арнасам,
Оның орны махаббатпен тола ма?

Мен де сүйдім,
Сүйгенімді өзім де сезбеппін-ау,
Тынымсыз, аласапыран кезде мынау.
Сені көрген көздерім үсінбейді,
Күн суытып, түскенде түзге қырау.

Мен де сүйдім,
Сүйген жүрек мазасыз,
Сүйіктімнен қалам ба деп назарсыз.
Толмайды екен махаббаттың арнасы,
Болмайды екен сезім сірә назасыз.

СЫНЫПТАСТАРЫМА

Сонау бір балғын шақтарда,
Есептер жаздық тақтаға.
Есептескен өмір-ай,
Бөлініп кеттік таптарға.

Бірі жүр талабы таудай боп,
Бірі жүр тозған жандай боп,
Әр адамда бір тағдыр,
Тағдыр жолы қандай көп..!

Бұрынғы шақтан сарын жоқ,
Бұрынғыдай қарым жоқ.
Кетсеңдер де қарамай,
Қаласындар барым боп.

Кеттім бе әлде қарамай,
Халдарыңды сұрамай?
Сұрағандай едім ғой,
Мезі еттім бе баладай?

Өтіп кеткен заманы,
Кешіріңдер баланы.
Сендер үшін Бақберген
Бала боп мәңгі қалады.

Ф-ҒА

Арман бар менде бір орындалмас,
(Көрсе де жүгіріп кеп қолымды алмас).
О, неткен тәкәппар арман еді,
Маңайламай кетеді, орны толмас.

Оймақ ауыз, мойыл көз, бұрымды жас,
Болмадық біз екеуіміз бұрын сырлас.
Бала күнде оянған махаббатым,
Бәлкім бізді жамандыққа ұрындырмас.

Бала күнгі қылығың қайда қалды?
Басымда неше түрлі ой жаралды.
Мүмкін сенің қызығамын кескініңе,
Көшірмесін алдың екен қай маралдың?

Сені сүйсем - маралды сүйгендігім,
Адам емен маралды сүйген күнім.
Сені сүймей өмірден өтер болсам -
Жүрегімді тас қылып түйгендігім.

СЫР

Ес білгелі қорқынышпен өмір сүрем,
Жас та болсам, келемін салмай сүрең.
Өтіп кеткен жылдарым, күндерім-ай,
(Тереземнің пердесін қашан түрем?).

Көрмедім демесем де жақсылықты,
Бала күнде көп көрдім тапшылықты.
Содан менің төңкерілді жан дүнием,
Қалай ексең солай өсер тал-шыбықты.

Содан мен тартыншақ, жасық болдым,
Қорқақ, түңілгіш, пасық болдым.
Өлімнен қорықса да шыбын жаным,
Демеймін өмірге де ғашық болдым.

Жан дүниемнің дағдарысын пайдаланып,
Әркім мені жайға салды, жайдан алып.
Көзіммен көріп тұрып жеңілемін,
Сезіммен күн көремін қайда барып..?

Жүрген жері - шың басы мен шыңырау,
Бала едім негізі сәл «жындылау».
Өмірді көп түсініп, түсіне алмай,
Ақыры тұйықталып тындым-ау.

СҮЙЕМ...

«Күзді» сүймей, қызды сүйем,
Назды сүймей, жазды сүйем,
Кірді сүймей, «сырды» сүйем,
Барды сүймей, арды сүйем,
Мыңды сүймей, тыңды сүйем,
Сәнді сүймей, мәнді сүйем,
Ымды сүймей, шынды сүйем,
Шаңды сүймей, таңды сүйем,
Сұрды сүймей, нұрды сүйем,
Зорды сүймей, зарды сүйем,
«Түнді» сүймей, күнді сүйем,
Дәл осындай болсаңыз
Сізді сүймей, кімді сүйем..?!

* * *

Жетегінде сағымның
Болашаққа сабылдым.
Қамауында сабырдың
Сарғайдым мен, сарылдым.
Әсерінде сарынның
Ауылымды сағындым.

Ауылымды ойладым,
Ойлап қана қоймадым,
Сезімге терең бойладым.
Сағынышты бойға алдым.
Тоқтаусыз менің ойларым
Тоқтатып мені қоймаған,
Күтеді мені тойларым.

Күтеді мені келер күн,
Үмітпен оған келемін.
Өзімді күткен жер болса
Барымды оған берермін.
Күтіп алған бүгінім
Елермес жерде елердің,
Жетегінде нелердің?

ӨЛСЕ ШАБЫТ ӨЛЕДІ

Өлсе шабыт өледі жамандардан,
Сұрқы неткен салқын еді жалаңдаған.
Бейкүнә, төгілгенде бал татитын,
Бар болғаны өлең үшін алаңдағам.

Жазықсыз баспайын деп жау қақпанын,
Тауға қарап кетуге тау таппадым.
От болып бойымда айналып жүр,
Тамыр дейтін арықта лаулап қаным.

Нуға қарап кетуге ну таппадым,
Тәңірім, мені мұнша қуартпағын.
Аңқам кеуіп өмірдің жолдарында,
Шаршап кеп шөлдегенде су таппадым.

Өлсе шабыт өледі жамандардан,
Адамға жат, болымсыз қадамдардан.
Сермеленіп қараңғыда жол іздедім,
Өлең де өз жайына қараң қалған.

Шаңымен кір жасаған балағымнан,
Тіпті мейірім сезбеймін дала-құмнан.
Үміт үзген жерімнен екі айналып,
Бұл күндері жаңылдым санағымнан.

ҰЯТ БОЛДЫ

Ұят болды, бір қыздан ұят болды,
Сезіміміз басталмастан аяқталды.
Не ойлады, білмеймін, ренжіді ме,
Жоқ әлде, мен сорлыны аяп қалды..?

Қамын қылам деп жүріп алыс таңның,
Осымен неше қыздан қалыс қалдым..?
Өмірімді бір ретке түсіре алмай,
Екпінімен кетіп барам ағыстардың.

Ұят болды-ау, ұят болды-ау негізі,
Жерде қалды ыстық-ыстық лебізі.
Айыратын бәрібір толқынымен,
Мына өмірдің тағдыр атты теңізі.

Қайтермін, ұмыт болсын кешегім,
Себебі бар, өзімді сосын тежедім.
Бір ғана табандылық жетіспей жүр,
Қыз болса да ел ішінде неше мың.

Қызықпасын сабырлы болғанымға,
Әл қалмады өмірімді оңғаруға.
Ешкімнің гүлдей қызы міндетті емес,
Менімен бірге жүріп қорлануға.

ЖАБЫҚТЫМ, АЛЛА

Жабықтым, Алла, ет маған көмек,
Өзіңе деген ықыласым бөлек.
Осы кезге дейін сыйынбай келсем,
Өзіңдей мінсіз болғаным демек.

Жабықтым, Алла, ет маған жәрдем,
Өзіңе ғана бас ұрам әр дем.
Жердегі Сенің досың болып
Қалай жүрем, түнерсем әлден?

Жабықты Сенің ақ көңіл пендең,
Күліп барып, жабығым келгем.
Анадан туғам о баста ер боп,
Ез боп барам ділдегі шермен.

Жалғыздық, Алла, жарасқан саған,
Жалғыздықта қалдырма Аллам.
Осы кезге дейін жалғыз келсем,
Дегенім емес - «Өзіңдей болам».

Өзіңе ғана сыйынып өтем,
Неліктен Саған сыйынбайды екем..?
Сенен көп нәрсе сұраман Алла,
Жақсылық жолында болайын бекем.

МЕН БІЛГЕН МАХАББАТ

Сезім жайлы бірер сөз қозғағанда,
Айтылмаған іштегі сөз қалар ма..?
Сезім қуып бағына жеткендер бар,
Жетпегендер - құлайды, құзға барма.

Шынымен әуестенем ғашықтарға,
Ғашық деген халықта жасық бар ма..?
Бәрін де істейді олар сүйгені үшін,
Күйгені үшін безбейді қашықтарға.

Безбейді олар махаббат мекенінен,
Құр қалса да сүйгенінің жетегінен.
Сүйгені тәрік етсе де махаббат елін,
Кетпесі анық олардың кетерінен.

Алайда, семсердің екі жүзіндей,
Сезім барда ыза-кек те безінбей,
Әбсәтте төңкерілер дүние,
Өшігеді, қара түнде көз ілмей.

Тасқа айналып жүректер, лүпілдеген,
Солғын тартар сезімсіз бүкіл денең.
Мен білген махаббат осылай-ды,
Басқа ештеңе сұрама бүгін менен.

* * *

Сағат неше?
Қараңғы көше,
Сенбес едім «жарық» - десе.

Бүгін қай күн?
Қай күн де - қайғым,
Қайғылы жанда болмайды айбын.

Биыл қай жыл?
Қайғырма-қайғыр,
Шабанның тайы болмайды айғыр.

ҚАЙТЕЙІН

Суретінді қайтейін көріктенген..?
Естілмеді дүрсілдер жүректен кем.
Осындай беймаза жүрекпенен
Қалайша мен өмір сүріп келгем?

Дауысыңды қайтейін еректелген..?
Естілмеді дүрсілдер жүректен кем.
Өлгенмін дауысыңды ұмытқалы,
Жолым саған апармас иректелген.

Ақылыңды қайтейін зеректелген..?
Береке қалмады ғой берекемнен.
Білесің мендегі сезім жайлы,
Не деп барам алдыңа себептермен?

Байқадым жүрегім дір еткеннен,
Опа жоқ сезімімді сыр еткеннен.
Асау мінез, Көкшенің құралайы,
Опа таппай жүрмін бе жүректен мен?

ТАҒДЫР ӘЛІ...

Тағдыр әлі тепкілейтін сияқты,
Тепкілейді деп жыласам ұятты.
Бірақ қалай өкінбеймін, өксімеймін,
Өмірімді ақ-қарамен бояпты.

Тағдыр әлі тепкілейтін сыңайлы,
Таң көрігін бұйыртпай жүр шырайлы.
Талғам жоқ, қараңғыда өлген рухым,
Білмеймін, маған нелер ұнайды..?

Тағдыр әлі тепкілейтін секілді,
Ор киіктей жардан жарға секірді.
Апармайды шың басына, биікке,
Қайта-қайта жар астына бекінді.

Тағдыр әлі тепкілейтін сықылды,
Жаным менің мыжылды да сығылды.
Мен жүрмін топыраққа от қоя алмай,
Тағдыр шіркін жер астына тығылды.

Тағдыр әлі тепкілейтін тәрізді,
Аңдып жүріп мен басқан әр ізді.
Жігіттікке өтеп кетсем болды маған,
Отанның алдындағы парызды.

СЕНБЕЙМІН

Сенбеймін арайлаған таңдарға да,
Жылусыз жаным жүрген тоңдарда да.
Ирелектеп алыстан шұбатылған,
Біздерді айырады жолдар ғана.

Сенбеймін тәтті бір ойларға да,
Жай таппаған жаным жүр қайнаға да.
Алыстағы ағайынды біріктірген,
Біздерді қосыды тойлар ғана.

«Сүйем» деген кінәлі сөзім ғана,
Басқа жанды іздейді көзің ғана.
Өзіңе де, өзіме бөтен емес,
Біздерді жұбатады сезім ғана.

Мен сені соңғы рет көргенімді,
Мендегі құбылысты білмедің бе..?
Отыр едің өзіңмен-өзің болып,
Сезбедің, назарыңа ілмедің де.

Әйтеуір мен өзіңді аңсадым шын,
Діңгегі болмаса да мақсатымның.
Құдайдың құдіреті деп білемін,
Шам-шырағын мендегі жақса түннің.

ҚЫҢСЫЛАҒАН ЕМЕСПІН

Шығар тұсын таппағанда белестің,
Дос таппай, өз-өзіммен кеңестім.
Ит құсап аптықпаймын ешқайда,
Қиналсам да қыңсылаған емеспін.

Өз жыныммен өзім ғана егестім,
Егестім, білмейді оны тек ешкім.
Достық та, махаббат та қарамады,
Мұңайсам да қыңсылаған емеспін.

Ізін қудым талай-талай елестің,
Биігіне алданып талай дөңестің.
Киеме шағымбаған бөрімін,
Жыласам да қыңсылаған емеспін.

ТҮСІНІКТЕМЕ

Аядай ғана ғұмырымда ұққаным:
Бір жұмбақтың шешіміне тоқтадым.
Махаббатты, сезімді жиып қойып,
Адамға тән бір шындықты құптадым.

Жігіт сүйсе, мәңгі-бақи сүйеді екен,
Махаббаттан өр кеудесі күйеді екен.
Қамалды талқандап, тұқыртса да,
Көрінбейтін сезімге бас иеді екен.

Сондықтан жігіттің жолы үлкен,
Болса да қыз қымбат, қанша көркем.
Қақылы жігіт қызды ап қашуға,
Әлемді дүрліктірмеу үшін ертең.

Бәрібір қыз сезімі ауыспалы,
Сүйіскені қайсы оның, суысқаны...
Кім қызға жақындаса - сол ыстық,
Жарық көрген адамдай қуыстағы.

Сенім жоқ некелер алсаң дағы,
Құшағында от болып жансаң дағы.
Бір күндері қылымсыған жат еркекке,
Қалмайды екен әйелдің тамсанғаны.

* * *

Жетіп жатыр маңдайыңнан өпсем де,
Бірақ маған таңсық нәрсе көп сенде.
Жүрегім лүпілдеп сала берер,
Күлсең де, көзіңнен жас төксең де.

Маған жұмбақ сендегі кейбір сөздер,
Маған қымбат сендегі мөлдір көздер.
Кім білсін, бұдан бетер қиналар ма ем,
Сен менің құшағымда болған кезде.

Болашаққа қарай алмай өзіңсіз,
Кеше не деп сандалдым мен төзімсіз.
Тәуба деймін Тәңіріме бұл күні,
Сені қалай көрер едім көзіміз..?

ЕЛЕСКЕ ТАҒЫ ЕРЕМІН

Өмір деген - махаббат,
Өмір деген - қозғалыс.
Тағылмай-ақ жаман ат,
Тұрған жерім қалтарыс.

Тұрған жерім қалтарыс,
Ішсе біреу қанымды,
Көрсетпей-ақ жан талас,
Бере салам жанымды.

Дым қалмады сезімнен,
Дымым құрып жүр менің.
Ғайып болған көзімнен,
Махаббат қайда, білмедім.

Жүрегімді жоғалттым,
Бір қызға деген сезіммен.
Тартыншақ болдым оған тым,
Жас шыққанша көзімнен.

Жас шықпас енді көзімнен,
Құрғап қалған көңілім.
Өзім безіп өзімнен,
Қараусыз қалды өмірім.

Қараусыз қалды өмірім,
Бақытсыз да емеспін.
Сезімнің тұтас бөлігін
Өзімен кешкем елестің.

Өзімен кешкем елестің,
Сірә да кеше беремін.
Тәсілін таппай күрестің,
Елеске тағы еремін.

КЕКІЛДІ ҚЫЗ

Кекілді қыз,
Мен үшін жаралған секілдісіз.
Көзімнің қарасынан кіріп келіп,
Жүрегімнің төріне бекіндіңіз.

Мен іздеген,
Сыңармыз-ау, айнымас егіздерден.
Қап-қара тұңғиықтай мөлдір көзің,
Ғарық қылар кенеусіз теңізге тең.

Үміттенем,
Аңсаумен қара түнді түріп келем.
Көзге түртсе көргісіз қара түнім,
Сені ұстайтын секілді тығып менен.

Үн қатпасам,
Ойлама сүймейді деп сымбатты жан.
Сүйгенім үшін де үн қатпаймын,
(Ұнамас деп сөзімді қымтап қашам).

Көктемімсің,
Көктемді аңсаумен өткен қысым.
Мен сені ұзақ уақыт іздедім ғой.
Уақыттың ағымымен жеткен құсым.

Ақылдысың,
Ақылдысың жаныма жақын кісім.
Құптарлық бір ауыз маржан сөзің,
Көз алдымда нұрланған жарқын мүсін.

Ұнатамын,
Жаныңдай мінсіз-ау құба тәнің.
Мен үшін бола ма енді жарық,
Өзіңсіз ататын құла таңым..?

МЕН СЕНІ ҚЫЗҒАНАМЫН

Мен сені қызғанамын көрінгеннен,
Тып-тыныш кеталман жөнімменен.
Мен сені қызғанамын көрінгеннен,
Қызғанумен өтермін өмірден мен.

Жылпостардан өзінді қызғанамын,
Ойласам көңірсиді шыжғанағым.
Өмірге түсінбеймін, адамға да,
Қызғанышын кешіре гөр біз баланың.

Қызғанамын сұқтанып қарағаннан,
Беті жылтыр, ал, ойы қаралардан.
Мен сені қызғанамын жас жігіттен,
Орта жастан және де кәрі адамнан.

Мен сені қызғанамын арзан сөзден,
Өзіңе әзіл айтқан күлім көзден.
Аз емес мен білмейтін күлім көздер,
Мен сені қызғанамын мыңнан, жүзден.

* * *

Кеше мен қатты түңілдім,
Төсегімде бүгілдім.
Ертеңнің қамын ойлауға
Азабын кештім бүгіннің.
Кеше мен қатты түңілдім.

Ауаны ауып үнімнің,
Шырайы қашты түрімнің.
Бір сағыныш кернеген
Тынышы қашты түнімнің.
Кеше мен қатты түңілдім.

Тандым да, бейне жығылдым,
Жапырақ сынды төгілдім.
Көшеден жылу таппастан,
Төсекке келіп тығылдым.
Кеше мен қатты түңілдім.

Бір шеккенде он шектім,
Қайғырар дейсің өлсек кім..?
Қайғырмаймын сірә да,
Онсыз да бүгін бөлшекпін.

Бөлшекпін ғой онсыз да,
Қауға басым жұлдызда,
Аяқтарым тағдырда,
Ал жүрегім бір қызда.
Бөлшекпін ғой онсыз да.

ТЕК ӨЗІҢ

Кеш қарайып барады, тез қарайып,
Келші қалқам, бірге соған қарайық.
Саған дәл осылай айта алмаған,
Сенде емес, өзімде ғой бар айып.

Айталман, не деп айтам, қақым бар ма?
Жақындаспақ не керек жақындарға..?
Патшаларға берілген сол заңдылық,
Берілмеген патша көңіл ақындарға.

Қараңғыда тағы өзім жалғызбын,
Саған деген құмарлығым нағыз мұң.
Қорқпаймын ертегі жүрегімен,
Соңы жақсы аяқталар аңыздың.

Тек өзінді еске салар атырап,
Шытырлайды жел өтінде жапырақ.
Шегіртке шырылдайды тынымсыз,
Қара түннен тыныштықты тартып ап.

Тек өзінді еске салар қара аспан,
Жымыңдасқан жұлдыздары жарасқан.

Тек өмірім сезімімді сезбейді,
Көлденең кеп өзімменен санасқан.

Мен сені неліктен аңсағанмын,
Неліктен тек өзіңе тамсанамын?
Түн де өтер, дүние мұңая ма..?
Өзіңсіз қарсы аламын таң самалын.

* * *

Жұрт ұйқыда жатыр, шырт ұйқыда,
Қара түн күзетіп тұр бейкүнә.
Қара түнді мен күзетем бір шетте,
Орнықты кеп, жанарыма сыйды да.

Ұйықта, халқым, тынығып ал,
Ұйқың болсын тәп-тәтті кәнігі бал.
Ертең жұмыс, ерте оян, елім менің,
Ұйықта-ей айхай-шуға жаны құмар.

Жел екеуміз таңдамаймыз мезгіл түк,
Шаршасам да кете алмаймын тез мүлгіп.
Ғимаратты айналып кеп уілдейді,
Тірлік барда тыныштық жоғын сездіріп.

Бұл заман - тыныш заман, бейбіт заман,
Ұйықтатпай көр сәбиінді, келсе шамаң.
Ұйықта халқым, ұйықта, тынығып ал,
Туың биік, жұртың тыныш, елің аман.

* * *

Хандардан қалған бұл өмір,
Паңдардан қалған бұл өмір.
Алаңсыз таңда оянып,
Қызыл қанға боянып,
Ажалда жанған бұл өмір.

Өмір өтпес, біз өтер,
Құмға түскен із кетер.
Сарайда сурет салдырған,
Атын жазып қалдырған,
Соларды өмір іздетер.

Батыр да өткен өмірден,
Пақыр да өткен өмірден.
Бүгін барсың, ертең жоқ,
Кеткендер қайтып келген жоқ,
Суисың әсте көңілден.

Бір күні біз де өтерміз,
Өмірге мынау нетерміз..?
Шырайлы-шырайлы өңірді,
Арқалап жүрген өмірді,
Тастап-тастап кетерміз.

Жаз да өтер, күз өтер,
Өмір өтпес, біз өтер.
Жоғалғанды жоқтайсың,
Ақыры бір күн тоқтайсың,
Көзің ашық - сыз кетер.

Хан түгіл, болған хандықтар,
Бар түгіл, болған қалдықтар.
Енді кімді баурайды,
Кімнен өзін даулайды,
Ашылмай кеткен сандықтар..?

Қыратта жатыр кеткендер,
Мәнзіліне жеткендер.
Ел басқарған әкімің,
Жыр жастанған ақының -
Бұл күні жерге шөккендер.

* * *

Қара түн қарсы алдымнан дөп шықты,
Басамын деп кеудемдегі өксікті.
Ықыласын көрмесем де жыр жаздым,
(Гүл ғып тердім мысалы бір көк шөпті).

Ғашық болдым,
Демедім үлкен-кіші,
Бір парық қылмаған соң гүлден түсі.
Жырға салып сақтайды гүл бейнені,
Махаббаттың не екенін білген кісі.

Гүл деген - тамаша ғой, тамаша,
Ақын - ғашық, жырын оған арнаса.
Зорлықты білмейтін байғұс ақын,
Етсе да қулық, кетпейді бірақ жармаса.

Ақынды қинайтұғын: гүлдің назы,
Болмаған соң екеу ара сылдыр сазы.
Гүл өссе де күркіреген көктемде,
Ақынның күткені: жылдың жазы.

Жүректі қинар көктемдердің күркірі,
Одан да жаздың артық бір күні.
Гүл жайнаған көктемдерді қайтейін,
Естілмесе бір ақынның шыр-пыры.

* * *

Бойым ұзын,
Қоңыр көзім,
Шашым да қоңыр.

Құба жүзім,
Жылы сөзім,
Салқын өмір.

Жұдырық жуан,
Бірақ сен қуан,
Сермемеймін.

Сүйеніп күшке,
Болмайтын іске
Терлемеймін.

Торсиған балтырым,
Тепкенді талдырам,
Доп тебем ләкін.

Іздемен керіс,
Аршуға жеміс,
Болса да бәкім.

Мен емес серің,
Емеспін керім,
Сүйсем бір сүйем.

От болып демім,
Лапылдап ерін,
Өлгенше күйем.

Жұмбақпын жанға,
Шешімім бар ма..?
Шеше алмас «тепті».

Тыныштық үшін
Сүйкімсіз түсім,
Қадірім кетті.

Баламын мұңды,
Қаланың түнгі
Жолдарында.

Тонағым келмеді,
Тағдырдың бергені
Қолдарымда.

Кеткенде ұзап,
Сөздерім ғажап,
Данышпанмын.

Тыңдаған білер,
Білмеймін күлер,
Қалыс қалдым.

ЕЛІ МЕ ЕКЕН

Қараймын кәрі-жасыма,
Атырабыма, досыма.
Бәрін көріп шығам да,
Ой келеді басыма,
– Дуаланған ел ме екен..?

Ана тілін менсінбес,
Туған жерін жерсінбес.
Қызына арман жат елдік,
Өз қандасын ерсінбес.
– Дуаларған ел ме екен..?

Заңды кесіп аттайды,
Аттамаса таптайды.
Солақай табыс таппаса
Ішкен асы батпайды.
– Дуаланған ел ме екен..?

Елім деп соқпай жүрегі,
Білім алған түлегі
Өз-өзіне қол салып,
Қыршын жаста өледі.
– Дуаланған ел ме екен..?

Болмаса да нақты жар,
Некелі түнге «жаттығар».
(Ұяты сосын оянып),
Туып-туып лақтырар!
– Дуаланған ел ме екен..?

Қысқартады балағын,
Ұзартады сақалын.
Дінге мойын бұрам деп,
Дүмшеден алар сабағын.
- Дуаланған ел ме екен..?

Сақшы болып таңына,
Отанның жүрмес жолына.
Беттеп Таяу Шығысты,
Қару алар қолына.
– Дуаланған ел ме екен..?

ОЙЛАН, ДОСЫМ

Ойлан, досым, артық емес ойлану,
Кейде рақат, кейде қайғы - ой бағу.
Сонда да ойланудан талмағын,
Ойлану ол - кісілікті бойға алу.

Ойланып айт, айтатын сөзінді де,
Ойланудан парықсыздық сезілді ме..?
Бір мезет ойланып, ақырын бақ,
Қажетсіз боп қалады сөзің мүлде.

Ойшыл деген, сөйлер сөзін білгендерді,
Ой түбінен маржан сөз ілгендерді.
Пайда қуып өтпеген ата-бабаң,
Ой тауып өткізген күнді ілгері.

БҰЗЫЛМАҒАН ҚАЗАҚ

Бір ел бар, мені ғашық қыла алған,
Ісіне қарап, шығамын бір құмардан.
Өз-өзін ұмытпаған сол елге
Бірінші боп шығады екен Күн алдан.

Қалай ғана барып қалған аралға,
Ойласам да келмей жатыр орамға.
Қазаққа ұқсайтын бірден-бір ел,
Қыздары да ұқсайды екен маралға.

Өмірлері тұратұғын еңбектен,
Даму үшін ақ мандайын терлеткен.
Тезінен өтсе дағы дәуірлердің,
Гүл жайнаған елі аумас ертектен.

Қатысы не - дейсіз бе - қашық тұрған,
Білмеймін, солар үшін басым құрбан.
Қазаққа ұқсайтұғын сол бір ел,
Алаштың алыптарын ғашық қылған.

Біз қазақ көп мәрте сүрінгенбіз,
Өліп-талып жеткенбіз бүгінге біз.
Бәлкі олар бұзылмаған қазақтар ма...
Сүрінбесек кеш қалмас ек, түңілмеңіз.

Бәрібір ұқсастықтар байқалады,
Бидай рен, қысыңқы көз, ай қабағы.
Өз басымды олармен қатар қойса,
Кім бізді екі ел деп айта алады..?

Әсіре діншіл, Батысшылдан түңілгенде,
Аузым бармай қиналдым «түбім» деуге.
Дәстүрге құрылған бір үлгі бар,
Жапония дейтұғын бүгін менде.

Ұқсамай кете алмаймыз қашан да біз,
Алланың бір лайынан жасалғанбыз.
Алаштың алыптары үлгі тұтқан,
Шәй ішіп отырсаңыз шашалмаңыз.

ҚЫС КЕЛДІ

Қыс келді, шұбалдырып ақ шапанын,
Ешкімнің елеместен қас-қабағын.
Осы жерде жасыл желек жамылған,
Адамдар ұмытқандай бақша барын.

Тірі жан жоқ дәл қазір серуен құрған,
Жел ғана бар, уілдеп ескен қырдан.
Ағаштар «қасарысып» қатып қалған,
Жапырағынан айырылып, анау тұрған.

Толқындап көбік шашқан көкше көлді
Осы күні қаһарлы қыс елден бөлді.
Қатпар-қатпар мұзымен тұншықтырып,
Қатпар-қатпар мұзымен және көмді.

Сұстанады анау тұрған ақ адыр,
Тағы өзінше маңғазданып бағады.
Бәрін қойшы, мен отырмын сезімсіз,
Жүрегімді қыс тартып ап барады.

КЕЛ, КӨКТЕМ

Көктем де келді жаңбырын алып,
Отырмын тағы таң нұрын бағып.
Көңілде бір сезім ойнақтап тұр,
Үміттің екпінді жарлығын салып.

Ыққанда көктемге жол беріп бәрі,
Үлгермепті мұз басқан көл еріп әлі.
Қара жер жұмсарса да, тондары жібіп,
Үлгермепті шөп шығып көгеріп әлі.

Үйлер тұр, шешіліп ақ қалпағы,
Тұрғандай қыр мүсінмен мақтанғалы.
Салбырыған мұз тұлым пайда болып,
Ол да тұр үзілуге шақ қалғалы.

Ағаштар біртүрлі кейіпке енген,
Аумайды әлдебір кейіпкерден.
Алба-жұлба киінген албастыдай,
Жоқ әлі көк түспен киітелген.

Балалардың пайда бопты теңбіл добы,
Біз теппесек керек-ау ендігі оны.
Тағаты таусылғандай шабады кеп
Табанынан жібейді сірә жердің тоңы.

* * *

Анау жақта шегірткенің шырылы,
Мынау жақта түнгі самал шырыны.
Бұрымын түнде жайған арудай,
Қоюланды кара түннің бұрымы.

Жұлдыздар жоқ, аспан қою, кара түн,
Аспанменен жақын сынды ара тым.
Менің үшін ләззат осы табиғат,
Мәңгі менің жүргеімде қалатын.

Жаңбыр жауа бастады жаңа екпіндеп,
Жаңбырдың да зияны жоқ тек түнде.
Тыпырлап жауып жатқан жаңбырға,
Қарап тұрдым темекімді шектім де.

Қазір түн, бәрі ұйқыда, кім білсін,
Таңға дейін жауын жауып үлгірсін.
(Машинаға барар жолда лайға тайып,
Ұзын сирақ ерке тотай шыңғырсын).

* * *

Үілдеп жел ескенде,
Беймаза бір кештерде.
Сезімнің көлін кешкенде,
Ақ бура бұлттар көшкенде
Есіңе мені алдың ба?

Гүлдер бүршік жарғанда,
Туған жерге барғанда,
Құстар әнін салғанда,
Ойға шұңғып қалғанда
Есіңе мені алдың ба?

Мен жүрген сол жолдарда,
Мен тұрған сол қорғанда,
Көзің жасқа толғанда,
Сезімге жерік болғанда
Есіңе мені алдың ба?

Өткен күндерді сағынып,
Уақытқа еріксіз бағынып,
Өзіңнен-өзің жабығым,
Өзіңнен-өзің қамығып
Есіңе мені алдың ба?

* * *

Ұмытқанмын ғашықтықты, қандай еді..?
Қойды ғой небір күйге салмай мені.
Ғашық бола білгенмін бір кездері,
Ерітпей-ақ сүйгенімнің балдай демі.

Қандай еді ғашықтық, есімде жоқ,
Қалдым ба сезімнің көшінен көп.
Ғашықтықты ұмытып, өлгенмін мен,
Алайда салқын демім кесілген жоқ.

Демек әлі ет жүрегім соғып тұр,
Соғып тұр, кеудем қалған солып құр.
Кеудемдегі күрескер лүпіл үшін,
О, Тәңірім, ақылды қыз жолықтыр.

ТУҒАН АҒАМ - АЗАТҚА

Екі жылдың жүзі өтті, «алыстадың»,
Басыңа кеп құранымды бағыштадым.
Мені бір өкіндіріп кететіні -
Сенімен тек осында табысқаным.

Тұнып тұрдың ұлыңның көз жасында,
Көз жасы топырағыңды қозғасын ба..?
Салмақты қайғыдай салмақты тасың,
Құшақтап кеп құлының боздасын да.

Құда болу бұйырмапты маңдайыңа,
Алаңдама ұл-қызыңның хал-жайына.
Қос қызың тақылдап өсіп келер,
Тілімен сенен біткен таңдайына.

Сағындым, аға сенің әңгімеңді,
Күйретіп кеткенің рас жан дүниемді.
Естелік сөздерің өзіңнен қалған,
Жұбатып жүретіндей мәңгі мені.

Бар ғұлама, данышпанның үлгісіндей,
Бетке жел боп тимес едің бір кісідей.
Өмір сенің көңіліңді алдап қашты,
Замананың әккі бір түлкісіндей.

Азаймаса қуанышым молаймаған,
Болмасаң сен мұнымды қалай жабам?
Сен жоқсың арқа тұтар нарым менің,
Көзің өткір, сөзің өткір талайлардан.

Мені қойшы, даланың адамымын,
Езілді ғой үйде отырған Анаң бүгін.
Әйелің де мұңданып жүрген болар,
Мұны басым қарасам жамалының.
Сезіп бір тұрған болсаң алаңдама,
Осындай уайымшыл жаман інің.

ПРИОЗЕРСК

Приозерск - ұйыған тыныш қалам,
Бауырыңда нелер жатыр тыныстаған?
Қалсам да қоңырқай топырағыңда,
Қалтама сыятындай ырыс табам.

Даңғыл көшең түнде де жарқыраған,
Көшеңе сыятындай жарты ғалам.
Иіліп жарық шашқан ұзын шамдар,
Өзінді дәріптеуден артылмаған.

Көшеңнен бір жарық сарқылмаған,
Алшаң басып жүруге тартынбағам.
Түндегі жарығыңдай сары-ала,
Сары-ала Приозерск алтын қалам.

Құтты мекен, ел үшін жұмақ мекен,
Жұмақ мекен және де жұмбақ мекен.
Көкше көлдің бауырына кіре қалған,
Жұмбақ мекен немесе қымбат мекен.

Жұмбақ қалам әрдайым қымбат маған,
Көлменен шағылыспай күн батпаған.

Қоржынтүбек өңірі жарты арал,
Жарты арал көкше көлді шынтақтаған.

Ұзынды-қысқалы үйлеріңдей,
Ұзынды-қысқалы күйлерім кей.
Шабытыма шабыт қосқан Приозерск,
Жырымның өзегісің сүйгенімдей.

* * *

Темекіні қимаймын түбін шегіп,
Жыр да қалды жайына бүгіншелік.
Жырымды өртегендей темекінің
Қойдым-ау күлсалғышқа күлін жегіп.

Уақыт өтіп барады, тақырып көп,
Жүргенім жоқ шабытты шақырып кеп.
Мән бермей қойдым мен текті жырға,
Тұрмаған соң алдыма ақырып кеп.

Меніңше дәл қазір кітап керек,
Іздеймін мен содан, жұтап, қорек.
Ұмыттым қазақтың бай сөздігін,
Көшенің арзан сөзін тыңдап зерек.

Есемді жырыммен қайтарамын,
Сол болады әлі-ақ менің айтар әнім.
Мен әлі қайғыммен ойнап бағам,
Бас көтерсе жырыммен тойтарамын.

Мен жырды, жыр мені жетектеген,
Кезкелген қайғыға төтеп берем.
Жылай алсаң жылашы тасбауырым,
Біржандасын деп ешкімді кекетпегем.

* * *

Астана ма..?
Барғанмын, үлес қосып қалануға,
Жаңбыр жауса лай іліп табаныма.
Жел тұрса ақ шаңның арасынан
Жалтақтап бригадердің қабағына.

Демалыста жаяулатып аралағам,
Ғимарат жоқ мен аңырып қарамаған.
Ғимарат жоқ күн нұры басын сипап,
Жарқыратып сәулесімен тармаған.

Көрдім де жаяулатып кезіп келіп,
Қыздар жүр, сығырайған көзін керіп.
Сұлулыққа мас болып отырдым да,
Қайтам дедім күн-райынан сезіктеніп.

Бәйтеректі көруге барған едім,
Әсем шаһар мен үшін арман еді.
Сол үшін бардым да, көріп қайттым,
Пайда үшін барды деме қарғам менің.

* * *

Аспан биік, жер қатты,
Таң атты тағы, кеш батты.
Ұйқы келмес, ас батпас,
Бұл өмірде не тәтті?
Намысқа біреу тіреліп,
Бақытқа біреу ар сатты.

Ой керек маған астарлы,
Алдынан күтер қашқанды.
Адаммен қалдым тілдеспей,
Сөйлетем деп тастарды.
Ой керек маған, ой керек,
Талқан етер тасқанды,

КҮЗДІҢ ТАҢЫ

Сары бас ағаштар көзге ілікті,
Байқадым, шынымен күз келіпті.
Жаз кетіпті иелігін қалдырып,
Ол кеткелі біраз жер өзгеріпті.

Сонда да бір-бірін байқасады,
Адамдар жүр ыға алмай қай тасаны.
Желдің жолын кесе алмай күн шуағы,
Жел де оны кесе алмай, айқасады.

Таңым бұлай атпаған жазда нағып,
Мен жүрмін бұл күннен ләззат алып.
Табиғат өз ара шайқасқанда,
Мендегі сөнген оттың маздары анық.

Жүргенім қай заман көңіл болмай,
Көңілденіп барамын, жерге қонбай.
Күтпегенде бір өлең әкеп берген,
Шуылдасып барады соны торғай.

Күздің таңы тамаша, таныс маған,
Жерді жауып жапырақ, шаң ұшпаған.
Жазды әкетіп барады уақыт шіркін,
Өткен күнге қош деймін алыстаған.

АЛҒАШҚЫ ҚАР

Алғашқы қар,
Жердің жүзін біртүрлі алмастырар.
Сағындырса ақ дидар, ақ көңілдер,
Ағаштарды аппақ қар шалмас болар.

Арайлы күн,
Ақ қарда сені ақ таңға санайды кім?
Қуаныш та, қайғы да емессің-ау,
Мұнды өлең жазуға тек жарайды мұн.

Аппақ әлем,
Қырда жатыр, төселген аппақ кілем.
Мен сені сағынғаным бекер емес,
Ақ түсті көкейімде сақтап келем.

Сағымдардай,
Қара жер барлығынан арылғандай.
Ағаш та жоқ, көл де жоқ, бәрі де ақ,
Дүние кеңейген сайын тарылғандай.

* * *

Мұсылман бол, бауырым, болма кәпір,
Мұсылманның тілегі - болған ақыр.
Әуелден ақырын тілеген қазақ,
Сауабының қайтарымы жолда жатыр.

Аты шыққан әйел көрсең дәмеленбе,
Мұсылмансың, кете бер, сәлем бер де.
«Еркекпіз ғой» демеші, еркек болсаң
Әйелінді риза қылып дәлелде де!

Тұрмайсың тыпыршықтап қыз көрсең,
Айтшы маған, неше қызды бұздың сен?
Сендер салған өрнекке ұқсатамын,
Сұлулардан жабырқаулы жүз көрсем.

«Көп қызды бүлдірдім» деп мақтанба,
Қарындасқа бетер болдың жаттан да.
Танисың ба, ол қыз сенің өз ұлтың,
Қара түннен алып шықсаң ақ таңға.

* * *

Жолығып қалмағанбыз кенет біз,
Іздеп барғам жүрегіме керек қыз.
Сені сүймей, білмеймін неліктен,
Сені сүйем, себепсіз.

Іздеп барам, көргім келіп сағынсам,
Айып етпе «адрестен» жаңылсам.
Бақыттымын көздерінді бір көрсем,
Бақыттымын ой қып сені жамылсам.

Сендегі жүрек басқа, көңіл басқа,
Мендегі сезім басқа, өмір басқа.
Сен болып махаббат қайта оралды,
Жыламас ем, толмаса көзім жасқа.

Бір сөзімді айта алмай сезімге лайық,
Сені қалай тастаймын көзімнен ойып?
«Ж» дегеннен өршиді сенің атың,
Тым болмаса, көріктім, сөзімнен айық.

* * *

Қайссың барсың пианина шалатын,
Қайссың барсың баурап мені алатын?
Жібіп кеткен көкейімді құндақтап,
Қайссың барсың көңілімді табатын?

Қайссың барсың пианина шалатын,
Қайссың барсың әсем бір ән салатын?
Жұтап кеткен жанымды құндақтап,
Мені ұстап бір бұрышта қалатын?

Бітіп барады уақыт сайын тағатым,
Айналмай қалды ма әлде сағатым?
Бақытымды дауламағам ешкімнен,
Уақытымды аңсап қалдым ағатын.

Аспанменен алыс екен ара тым,
Әл қалмады мойын бұрып, талатын.
Тыртығым жоқ ұялатын ешкімнен,
Жыртығымды жабады кеп қара түн.

Қайссың барсың пианина шалатын,
Қайссың барсың сезімімді жағатын?
Сезімімді жақсаң жақ, тек өлтірме,
Сезігімді оятпасаң - жарадың.

ӨРТЕНЕМ

Бала күннен басылған-ды өр денем,
Талғамымды тау басынан көрген ем.
Аяғандар намысыма тиеді,
Мен сондықтан өртенем.

Кірмек емен аяғыммен көрге мен,
Қос дүниеге көңілімді бөлген ем.
Өмірді өтпейтіндей көреді,
Мен сондықтан өртенем.

Күндер өтті құр шәйменен, бөлкемен,
Егіз едім өзім жүрген өлкемен.
Өзге елді әлдеқандай көреді,
Мен сондықтан өртенем.

Махаббатым, сен не деген көркем ең,
Тізе қосып, табылмасақ көрпеден,
Отанымда отау құрсаң басқамен,
Ішім күйіп өртенем.

* * *

Сүйісуге емеуірін танытты,
Байқасам сезім оты жаныпты.
Сүйісерде сәл кідірдім, таңғалып,
Негізінде жағдай бір қалыпты.

– Есінде ме, бала күнде сүйістік,
– Сүйіспекші болғанымыз тиісті.
– А, я, я, солай болған, айтпақшы,
Осы сәтте ернімізбен түйістік.

Мен солай түс көрдім бүгін таңда,
Төсегіме таң алдында жығылғанда.
Көзімді әрең ашып ояндым,
Төбемнен ауып барып шұғылам да.

КІНӘЛАЙМЫН

Түнге сыймай отырмын, елең-алаң,
Не керек, білмеймін, сенен маған!
Түнімді, қараңғы үшін, кінәлаймын,
Өзімді де,
Бір бақыт бере алмаған.

Оспадарсыз қылықты тыя алмағам,
Сонда да өзге жанды сүйе алмағам.
Сезімімді, қылаң берген, кінәлаймын,
Өзімді де,
Басқаларға қия алмаған.

Не ұғасың кей-кейде жек көруден,
Сезім жинап аласың кек теруден.
Тағдырымды, тас қамал, кінәлаймын,
Өзімді де,
Кеудесін ет жүрегі тепкілеген.

Өтіп барам сезіміме сенсең деумен,
Сезімім жанартаудай белсендеген.
Жүрегімді, сен деген, кінәлаймын,
Өзімді де,
Сені ойлап кемсеңдеген.

Жүректің әмірімен тозып кеудем,
Ел қайтсін жүрегімді, озып келген..?
Өмірімді, қарабайыр, кінәлаймын,
Өзімді де,
Келте қолын созып көрген.

* * *

Таң атты, басталып кетті тіршілік,
Оятты бәрін көкжиектен күн шығып.
Біреу барар, кешегі түзген жоспармен,
Біреу жатыр, атқан таңға түршігіп.

Көліктер қозғалып кетті, не түрлі,
Гүрілдеп өтіп, тыныштықты кетірді.
Жылу іздеп темекіме жүгіндім,
Бізғар қарып кеткесін бе бетімді...

Қала, қала, қала деген тас қамал,
Тас қамалда тіршілігің басталар.
Ауылдағы еркелігің ұмыт боп,
Қаланың зынданына тасталар.

Көз көрсе табиғаттың шөкімін,
Біз ауылда болатынбыз о күні.
Қыс таяды, қамал қала «қатайды»,
Көл де қатқан, табиғаттың өкілі.

Бүгін тағы тіршілікке қадалмақ,
Мұз дәуірден өтіп келген адамзат.
Бұрынғыны айырбастап бүгінгі,
Алға шықты билемекке қаражат.

ЖАҢА ЖЫЛ КЕЛЕ ЖАТЫР

Жаңа жыл келе жатыр әлсін-әлі,
Жетпепті ақ қардың сәл шыдамы.
Жауып тастап қарап тұр, түрін бұзбай,
Қарап тұр жылы күннің «аңшылары».

Жаңа жыл келе жатыр әлсін-әлі,
Мұз боп қатып жауынның тамшылары.
Солай қатсын көкейдігі ылғалды мұң,
Ескі жылда солайша қалсын бәрі.

Бала күнгі мейрамым, тойлап келген,
Шыршаға түрлі түсті «оймақ» терген.
Қыс көмеді табиғатты жаңартуға,
Ал адамдар адамдықты жоймап пе екен...

Жоқтайтындай шыршаның әр сабағын,
Жан көбейді, кестің деп жар салатын.
Құрбандық та шалу керек шығар,
Келер жылға соққанда тар сағатың.

Мен өлгенде ұрпағым не тойлайды,
Өзің біл, болғанда етің майлы.
Талай қиын кездегі мерекем бұл,
Сомен қалса қалады жетім қайғы.

ОТ ШАШУ

Айсыз аспан от шашумен жамылып,
(Не соғылды, бағытынан жаңылып?)
Дүрсіл-дүрсіл дыбыстар дамылдамай,
Бір көліктің ойнатып қойды дабылын.

Сағат тілі керек болмай қалғандай,
«Он екі» - деп көкте жұлдыз жанғандай.
От шашу жарқ-жұрқ еткен бір сәтте,
Отыр екенмін сағат тілін аңғармай.

Көкте жанар, көкте жанар от қандай,
Жаңа жыл мені сілкілетіп жатқандай.
Бейбіт күннің оты жансын аспанда,
Жарқ етсін де, түн орнасын мақпалдай.

* * *

Өлең де Құдайдың берген бір сыйы,
Жоқ мекені, жоқ тұрағы, жоқ үйі.
Өлеңімді өзгертемін, жыл айналып,
Бірақ дағы айтар ойым сол күйі.

Өзгертемін, артқа тастап бір аптаны,
Бір теңеуім келгенше жырақтағы.
Өлеңімді өзгертемін, жасырман,
Айтар ойым сол күйі бірақ дағы.

Теңеу күтем жылдардан да, ғасырдан.
Күтіп алып, келер күнге асырғам.
Айтар ойым сол күйі бірақ дағы,
Өлеңімді өзгертемін, жасырман.

Өзгертемін шикі қалған жерлерімді,
Сууымды кім білер, терлерімді.
Сен берсең тағы да өзгертемін,
Өзгертемін Тәңірім, бергеніңді,

Көңілім толмай шабытқа да, қаламға,
Кейде кетем, қаламымды қағам да.

Адасып басқа үйге кіріп барам,
Шабыт келіп, ой ойласам табанда.

Қолым жақпас, қалсам да оқыс тіреп,
Жазуым сұлу болмаса - қоқыс демек.
Мұқағали жырларын іздеп кетем,
Келер ұрпақ өлеңімді оқысын деп.

Өлеңін оқи алмас мен бір қорқақ,
Зарланып бір оқуға тағы шорқақ.
Мен Мұқаңды оқимын осы бүгін,
Мендік жырды оқысын келер ұрпақ.

БАТЫРҒА

Көндіре алма өмірді, көндір мейлің,
Мен ырқыңды ешқашан өлтірмеймін.
Қабағыңды түйесің-ау, түйгеніңмен
Қабағыңның артында мөлдір мейірім.

Жан аға, қолың ашық, жаның жомарт,
Айналаңмен байланысу сәнің болмақ.
Қағлезсің, алғырсың, тамашасың,
Тағдырың ғана кетеді алдыңды орап.

Жақыны үшін немқұрайлы болмаған,
Ісін шешіп, қолдан келсе қолдаған,
Аға сенің рухың бөлек басқадан,
Адамдайсың келіп қалған ордадан.

ЖЕҢГЕМЕ

Жөнді өлең жазбаппын өзің жайлы,
Сезімім сырларымнан сөз ұрлайды.
Өзіңе арнауымды арнаймын деп,
Өлең жазып қоя берем сезім жайлы.

Жеңге сенің даусыңа ғашық қайының,
Сен бар жерден кетуге асықпаймын.
Қызғанамын біреу саған қалжыңдаса,
Сол адамды өзіме дос тұтпаймын.

Сені көрсем мен дәйім қуанғанмын,
Үгітіп бір алардай дуылдан құм.
Мен үшін ренжіген кезің болса,
Өз-өзімді кінәлап суалғанмын.

Тостағандай көзіңде толы мейірім,
Алып еттің сезімнің долы түйірін.
Тірі жанда кегі жоқ, күншіл емес,
Кім саған ұқсаса соны сүйдім.

* * *

Өзіммен тағы да қалдым өзім,
Қара түнде елестеп кара көзің.
Сезімде қақшиған қағида бар -
Сүйгенің сені сүйсе несі сезім.

Сезімнің өлшемі: қол жетпестік,
Сол үшін сезімменен серттестік.
Сезімнің сол күйі қалу үшін,
Дұрыс емес мәңгі аңсап өтпестік.

Өкінем.
Өкпелеймін бірақ қалай,
Сезімім кеткен жоқ қой тұрақтамай.
Тау қанша биік болса - жақын сынды,
Жетем деп сүріне бердім, қыр аттамай.

* * *

Түнде ояу отыру - таңсық емес,
Қара түн - қап-қара қаншық елес.
Қара түн бәрібір әдемі ғой,
Қара түн қап-қара балшық емес.

Мен жүрген жермен жын жүрмейтін,
Жүрсе дағы ілесіп үлгірмейтін.
Бұл түндері өзімнен өзім қорқам,
Қара түн секілдімін күн көрмейтін.

Қара түн - біртүрлі жылы кешер,
Мен білмейтін, көп қой сыры неше.
Күн шуақта жылынған балалығым,
Жылу іздеп түнге соқтым күні кеше.

Жылылық ол - мен үшін тыныштық,
Тыныштық ол - мен үшін тым ыстық.
Өзімнен өзім қашып жүргенім сол,
Түн екеуміз жоғалуға тырыстық.

Мазмұны

БІР ҚЫЗ БАР..	3	
КӨК БАЛҚАШ	6	
ДҮЙСЕНГЕ	7	
ДОСТЫҚ ДЕГЕН	8	
ОЙЛАНАМЫН	9	
БІР УЫС ҚАР	10	
ЖАНАРТАУДАЙ АТҚЫЛАЙМЫН		11
КЕТКЕНІҢДІ ЕСТІСЕМ	12	
ТУҒАН ЖЕРГЕ КЕЛГЕНДЕ		13
МАХАББАТ МҰҢЫ	14	
ЗАМАН	15	
ПЕНДЕМІЗ-АУ	17	
АЙТАЙЫН	18	
* * *	20	
* * *	21	
МАХАББАТТАҒЫ ТӨРТ ТҮРЛІ ЖІГІТ		22
НЕТКЕН РАҚАТ	23	
КҮЗГІ ЖАҢБЫР	24	
КҮНШЫҒЫС	25	
ҚАЙДАН КӨБЕЙСІН		27
АҢСАУ	29	
ӨТІНІШ	30	
КӨКШЕНІҢ КӨГЕРШІНІ		31

ӘЗІРГЕ БАР	32
ЖАМАН БОЛСАМ	33
***	34
КІМІМ БАР	35
ҮЙІМ	36
МАХАББАТЫМ ЖОҒАЛДЫ	37
ЖАҚЫНДАРЫМА	39
МЕН СОНДАЙМЫН	40
СЕНІҢ...	41
ӨЛПАРА	42
АНАМА	43
МЕН ДЕ СҮЙДІМ	44
СЫНЫПТАСТАРЫМА	45
Ф-ҒА	46
СЫР	47
СҮЙЕМ...	48
***	49
ӨЛСЕ ШАБЫТ ӨЛЕДІ	50
ҰЯТ БОЛДЫ	51
ЖАБЫҚТЫМ, АЛЛА	52
МЕН БІЛГЕН МАХАББАТ	53
***	54
ҚАЙТЕЙІН	55
ТАҒДЫР ӘЛІ...	56
СЕНБЕЙМІН	57
ҚЫҢСЫЛАҒАН ЕМЕСПІН	58

ТҮСІНІКТЕМЕ	59
***	60
ЕЛЕСКЕ ТАҒЫ ЕРЕМІН	61
КЕКІЛДІ ҚЫЗ	63
МЕН СЕНІ ҚЫЗҒАНАМЫН	65
***	66
ТЕК ӨЗІҢ	68
***	70
***	71
***	73
***	74
ЕЛ МЕ ЕКЕН	76
ОЙЛАН, ДОСЫМ	78
БҰЗЫЛМАҒАН ҚАЗАҚ	79
ҚЫС КЕЛДІ	81
КЕЛ, КӨКТЕМ	82
***	83
***	84
***	85
ТУҒАН АҒАМ - АЗАТҚА	86
ПРИОЗЕРСК	88
***	90
***	91
***	92
КҮЗДІҢ ТАҢЫ	93

АЛҒАШҚЫ ҚАР	94
* * *	95
* * *	96
* * *	97
ӨРТЕНЕМ	98
* * *	99
КІНӘЛАЙМЫН	100
* * *	102
ЖАҢА ЖЫЛ КЕЛЕ ЖАТЫР	103
ОТ ШАШУ	104
* * *	105
БАТЫРҒА	107
ЖЕҢГЕМЕ	108
* * *	109
* * *	110

Бақберген Арсыланбаев
Өткен күндер

Редакторы: Жан Уатханова
Дизайнер: Айжан Алмағанбетова
Компьютерде беттеген: Мақсат Сәдуақас

«ЖАСЫН» шығармашылық орталығы
010008, Астана қаласы, Құдайберді көшесі 17
Тел: 8701 285 46 37

Басуға 02.11.2016 ж. қол қойылды
Пішімі 70x90 1/16. Шартты баспа табағы 7.0
Тапсырыс № 23